

## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 19 мамырдағы N 2284. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.26. N 3531 жарлығымен. ~U973531

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы режимін жетілдіру мақсатында және "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 2283 Заң күші бар Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің Бас басқармасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті болып қайта құрылысын;

Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің құрылымына Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институты енгізіліп, ол Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Әскери институты болып қайта құрылсын.

2. Былай деп:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметі бойынша Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің қолбасшысы болып табылады;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі Мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің Әскери институты Қазақстан Республикасы Шекара әскерлері Бас басқармасы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Әскери институтының мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқықтық иегерлері болады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті екі ай мерзімде:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережені бекітсін;

Үкіметтің мемлекеттік шекара күзетін және Қазақстан Республикасы шекара әскерлерінің қызметтік - жауынгерлік жұмысын ұйымдастыру мәселелері жөніндегі актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

4. "Орталық мемлекеттік басқару органдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 маусымдағы N 1220 Жарлығының 1-тармағы мынадай мазмұндағы отыз үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті".

5. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 тамыздағы N 862 Жарлығының 3 және 4-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 30, 436-күжат);

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, оның жергілікті жерлердегі органдары және Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағынатын әскерлер туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 30 желтоқсандағы қауіпсіздік комитеті, оның жергілікті жерлердегі органдары және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бағынатын әскерлер туралы ереженің 1.5-тармағының екінші абзацы;

"Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 17 маусымдағы N 1245 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 22, 267-күжат).

6. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті